

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2.09. 2024 ж

№ 1-82

«Оқушыларды бюджет қаражаты есебінен тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Бюджет қаражаты есебінен тегін тамақ ішетін 1-4-сынып оқушылары және аз қамтылған жанұя балалары мен жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедек балалардың тізімі осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Асханада тамақ ішу кестесімен және кезекшілік кестесі осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Мектеп бойынша тамақтанатын оқушылардың күнделікті тамақ ішуі туралы табель жүргізу, айдың аяғында оны есепшіге тапсыру, оқушылардың тамақтануын бақылау мектептің әлеуметтік-педагогі Ж.Маратоваға міндеттелсін.

4. Мектеп бойынша оқушылардың 1, 2 кезектегі тамақтануын, ондағы кезекшілікті бақылау әлеуметтік – педагог Ж.Маратова мен тәлімгер Ж.Абаева міндеттелсін.

6. Күн сайын қызмет беруші дайындаған ас мәзірінің перспективалы мәзірге сәйкестігін тексеру, мектеп директорына бекітуге ұсыну, қол жетімді жерде орналастыру әлеуметтік – педагог Ж.Маратоваға міндеттелсін.

7. Күн сайын брокераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау және тағамдардың С-витаминдеуін жүргізу, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылау медбике Ғ.Тугайбаеваға мен әлеуметтік педагог Ж.Маратоваға міндеттелсін.


8. Тамақтану залын рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын жинауды жүргізуді қадағалау А.Сисенбаеваға міндеттелсін.

11. Ай сайын қызмет берушіден тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды және тамақ өнімдері тізбесі туралы мәліметтерді алып, мектеп директорына ұсыну есепші А.Мусабаева міндеттелсін.

12. Қаржы жоспары бойынша бөлінген қаржыны заңдылыққа сәйкес көрсетілген мерзімде жарату, келісім шартты уақытында орындау, құжаттау, мерзімінде қаржыны аудару бас есепші Ж.Нұрлыбаеваға міндеттелсін.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары А.Хашуоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Ж.Хасанова